

Муқатова Данагул Муқатқызы

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗШДЕГІ
ЖЕТІСУДЫҢ НЕГІЗГІ ХАЛҚЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

Муқатова Данагул Муқатқызы

**СТРУКТУРА И СОСТАВ МЕСТНОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ
ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА И В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

Статья рассматривает на основе научных трудов состав и структуру местного населения Семиречья во II половине XIX века и в начале XX века и основные виды хозяйственной деятельности.

The Article considers on base of the scientific works composition and structure of the local population Semirechiya in II half XIX age and at the beginning initially XX age and the main types to economic activity.

Жетісу аймағына қазақтар мен қырғыздар орналасқан территория кірді, ол туралы сенатор К.К.Паленнің есебінде былай делінген: «қырғыз-қайсақтар облыстың солтүстігінде 26 млн. десятина жерде өздерінің көшпелі мал шаруашылығымен айналысады Іле Алатауының солтүстігіне қарайғы жерлерде, қара-қырғыздар 10 млн. десятина жерлерде Іле Алатауының оңтүстігіне қарай облыстың шекарасына дейінгі жерлерде көшіп жүреді» [1, с.99]. Осыдан көріп отырғанымыздай облыс шекарасын белгілеуде қазақтар мен қырғыздар орналасқан жерлерді алған. Біздің жұмысымыз қазақтар орналасқан қазіргі Алматы облысының территориясын қамтиды. Бұл территорияға Жетісу облысының төрт уезі кірген: Верный, Лепсі, Жаркент, Қапал. Қапал уезінің жері тең екі бөліктен тұрады: жазық және таулы. Оңтүстік-шығысы шығыстан батысқа қарай Лепсі уезінен Іле өзеніне дейін келіп мұз-қыраттар арқылы Қытайдың оңтүстік шекарасымен шектеседі, одан Жаркент уезімен шектеседі. Солтүстіктегі шекаралық шегі Басқан таулары, Қапал тау жоталары (Үшжота) және Малай-сары таулары арқылы өтеді. Солтүстік-батыс жазық бөлігі таулар арасын және Балқаш көлімен оңтүстіктен солтүстікке қарай және Ақсу, Іле өзендерімен шығыстан батысқа қарай шектеседі.

Жаркент уезі Жетісу облысының оңтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан. Ол шығыста және оңтүстік-шығыста Қытаймен шектеседі, оңтүстік-батысында Пржевальск уезімен, батысында Пішпек және Верный уездерімен, солтүстігінде Қапал уезімен шектесіп жатыр. Солтүстік жағы уездің Жоңғар Алатауының оңтүстік шатқалдарымен қоршалған және солтүстік шығыс жағын мұз шатқалдары мен басынан қар кетпейтін Борохоро таулары қоршап жатыр. Тау жоталарынан солтүстіктен оңтүстікке қарай Іле, Хоргос, Чинжин, Тышқан, Бұрхан және Үсек өзендері ағып жатыр. Уездің солтүстік-батысын Жоңғар Алатауының оңтүстік-батысындағы таулы жоталарымен шектеседі: Матай, Алтын-Емел, Долоналы, Қыстық, Аюлы, Түлкілі, Белағаш, Күнгей, Аламан, Теректі, Қуенді, Суат-тау. Тауларының биіктігі 2000 метрден 3000 метрге дейін.

К.К.Паленнің көрсетілгендей «Жетісу облысының шекарасы Қытай империясымен 539 верст алып жатыр, ол 188! жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург келісімінің XI бабына сай сенімді өкілдері арқылы - шығысында ақпан

1882 жылы және 21 қыркүйек 1883 жылы, ал оңтүстігі 25 қараша 1882 жылы және 22 мамыр 1884 жылы белгіленген» [2, с.112]. Ал оңтүстік-батыста Ферғана облысымен шектелді, ол шекара 1836 жылы 11 наурызда белгіленген, батысында Жетісу облысы Әулиеата уезімен шектесті, оның шекарасы 1895 жылы 16 маусымда белгіленген, сонымен бірге Қарқаралы уезімен шектесті. Солтүстік-батыста Балқаш көлі арқылы және Семей облысымен шектесті, ол шекара 1870 жылы белгіленді. Солтүстік шекарасы Семей облысымен шектесіп, көп уақыт бойы ол жер үшін келіспеушіліктер болып келіп, ақыры тек екі облыс арасындағы талас 1892 жылғы съезде шешілді [3, с.86].

Ұлы жүздің құрамына сол кезде Жетісуды мекендеген дулат, албан, суан, сары-үйсін, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, шанышқылы (қатаған), қаңлы, жалайыр тайпалары енді. Дулаттар Іле өзенінің орта бойынан Шу өзені бассейніне дейінгі жерлерді мекендеді.

Сары-үйсіндер Іле өзенінің сол жоғалауынан Іле Алатауы етегіне дейінгі жерлерді мекендесе, ал албандар Алтынемел тау жоталарының оңтүстік-шығысынан Іле Алатауының солтүстік шатқалдарына дейінгі аралықта, Іле өзенінің аймағын және Текес пен Шарынның сол жағалауларын мекендеді.

Суандар Алтынемел тау жоталары маңы мен Іле өзенінің оң жағалауында орнықты.

Шапыраштылар Іле өзені маңын және Іле Алатауының етегінде орналасты. Ыстылар Іле өзенінің төменгі саласында, Балқаш жағалауында және Іленің орта жағасынан Іле Алатауына дейінгі жерлерде мекендеген.

Жалайырлар Іле мен Қаратал өзендерінің аралығын мекен етті. Қаңлылар Іле өзенінің сол жағалауы мен Іле Алатауының етегін мекендеді. Жетісу облысының территориясында Ұлы жүздің руларымен қатар Орта жүз рулары наймандар да тұрды. Олар Жоңғар Алатауының оң жағалауынан Батыс Алтай жеріне дейін мекендеген. Олар Лепсі уезінде және біразы Қапал уезінде де тұрған.

Қазақ қоғамындағы рулық-тайпалық жіктелуге бөлуді қарастырумен қатар, рулардың арасында элеуметтік жікке бөліну тез жүрді. ХХ ғасырдан бастап мүліктік теңсіздік анық көрініс алды. Жетісу жеріндегі атакты қоғам қайраткері Т.Бокиннің айтуы бойынша, бұрыннан сақталып келе жатқан «ақсүйек» және «қара сүйек» атауларын енді байлар ауыстыра бастады.

Олардың ішінде ол байларды бірнеше топтарға бөледі. Бас бай-қауым ішіндегі ең бай адам, өз қолына барлық байлықты топтастырған, одан кейінгі кеуде бай - қосымша табысы бар адамдар, аяқ бай - оның шаруашыл ығы орташа болды. Сонымен қатар, ол жатақтарды атайды - көшпелі өмір сүре алмайтын, аз шаруашылықтары бар адамдар. Ең төменгі топтар болған - кедей мен жарлы, олардың шаруашылықтары болмады, күн көру үшін жалданып еңбек етушілер. Оларды көліксіз, жерсіз және аяқсыз едеп бөлді. Аяқсыздар дегеніміз - ол ауыл пролетарпаттары еді.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамдық ортасында сонымен қатар ұйғырлар арасында «алыпсатарлар», саудагер-сатып алушылар пайда бола бастады. «Материалы по обследованию» дерегі бойынша бір ғана Жаркент уезінде 153 алыпсатарлар болған. Әлеуметтік жіктелуге Жетісу казактарынан жерді пайдалану үшін арендаға - жалға алу көп әсер етті, бір болыс түгелімен казактар жерін арендаға кезі болды, Осылайша Жетісу аймағы Қазан революциясына дейін Қазақстанның аграрлы аймағы болып келді, халықтың 90 пайызы ауылшаруашылық жұмыстарымен айналысты, 10 пайызы - қала тұрғындары болды. Осыған байланысты халық арасында әлеуметтік теңсіздік өте жоғары еді [4, 148].

Ал, орыстар Орталық Азия территориясына қарай қоныс аударуын 1730 жылдан бастады, яғни Кіші Орданың қырғыздары жоңғарлар мен башқұрттардың және Жайық казактарының үнемі шабуылынан қорғау үшін әздерін қосып алуларын сұраған кезден басталды. 1819 жылы Ұлы жүздің бірнеше рулары Ресей бодандығын өз еркімен алған соң, 1847 жылдан бастап, Ұлы жүздің ең көп руы дулаттар өз еркімен орыс азаматтығын қабылдады. Ресей бодандығын сол кезде Солтүстік Қырғызстандағы рулар да ала бастады. Жетісу жерінде өз билігін орнықтыру үшін патша үкіметі бұл жерге өз армиясын енгізуді ұйғарды. Орыс армиясының қокан хандарымен күресін жергілікті халықтар казактар мен қырғыздар қолдады, 1844 жылы Сырдария аймағын өз карамағына алды. Қапал бекінісі 1847 жылы салынды. Оның негізін салған хорунжий С.М.Абакумов **болды**, Қапал бекінісі Қытайға ең жақын орналасқан, аймақтағы Қашқария мен Қоқанға қарсы қорғаныс қамал-шебі ретінде салынды. 1854 жылы Іле Алатауының етегінде Верный бекінісі салынды. Осы бекіністің негізін салған подполковник М.Д.Перемышльский. Кейіннен бірнеше бекіністер салынды: Лепсі, Қаскелең, Абакумов (қазіргі Жансүгіров), Сарқан, Үржар, Аягөз (Сергиополь) [5, с.Ю]. 1853 жылы соғыс отрядының басшысы майор Перемышльский бір топ тыңшыларымен Қапал бекінісіне «Алматы» шатқалына келеді. Олар Іле аймағын, Есік, Қаскелең өзендерін, Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің жағалауларын бақылап, соғыс-топографиялық жұмыстар жүргізеді. 1854 жылы көктемде Алматинкаға келеді. Ол жерге инженер Александровский де келеді, олар бірігіп, Іле аймағында ескі Алматы қаласының орнында Верныйда әскери бекініс салуды жоспарлайды. Олар құпия хаттарында осы өзендер мен таулар арасынан біз орман ағаштар кесетін, егін егуге қолайлы жер таптық, ол Есік, Талғар тауларына қарай өтуге ыңғайлы жерде орналасқан, сондықтан да ол әскери, бекініс салуға өте қолайлы екендігін хабарлайды. 1854 жылы Алматы таулы

шатқалында Верный бекінісі, сосын оның айналасына казактар поселкесі - Алматы станицасы салынды, Сібір казактары және орыс-шаруаларын орналастырып, оларды казактардың әлеуметтік топтарына кіргізді. 1855 жылы Верный бекінісінде алғашқы көшіп келушілердің үйлері пайда бола бастады, олар Сібір және Верныйға жақын орналасқан губерниялардан келе бастады. 1856 жылы бекіністе барлығы 2500 тұрғын болса, ал 1863 жылы 6000 тұрғыннан асып кетті. 1867 жылы бекініс Верное атын өзгертіліп, Верный деп аталды [6, с. 29-33]. Ал, 1864 жылы Сырдария аймағын Батыс Сібір шебіне қосы туралы патша үкіметі шешім қабылдады. Орынбор генерал-губернатор адъютант Крыжановский және сол кездегі Түркістан соғыс губернаторы, генерал-майор Романовский патша үкіметіне ол аймақтың жағдайы туралы және қайта құру қажеттігі туралы мәлімет берді. Жаңа аймақтың жағдайымен танысу үшін арнайы Далалық комиссиясы құрылды. Ол әрекет ету комиссиясының төрағасы, стат кеңесші Гирс және мүшелері полковниктер Гутковский және Гейне, подполковник Проценко кірді. Комиссия екі жыл бойы халықтың тұрмысымен танысты, статистикалық мәліметтер жинақтады және халықты басқару туралы жобаны даярлады. Бұл комиссияның қорытындысы 1867 жылы 11 сәуірде қараяып, арнайы Түркістан аймағыш құру ұсынылды. Осы шешімге байланысты Түркістан облысы және Семейдің Тарбағатай тауының оңтүстік аймағы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының билігінен алынып, бір генерал-губернаторлыққа біріктіріліп, ол Түркістан деп аталды, оның құрамына Жетісу және Сырдария облысы кірді [7, с. 316].

XIX ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанның Ресейге қосылуы толығымен аяқталғаннан кейін, орыс патшасы казак жерлерін отарлауды тездету мақсатында 1867-1868 жылдардағы реформаға сәйкес әкімшілік-территориялық басқару енгізді: барлық казак жерін үш генерал-губернаторлыққа бөлді: Батыс Сібір, орталығы Омбы, Орынбор - орталығы Орынбор, Қазақстанның бір бөлігі мен Қырғызстан жері Түркістан генерал-губернаторлығына, орталығы Ташкент, 11 шілде 1867 жылғы «Түркістан генерал-губернаторлығын құру туралы» бұйрыққа сай. Сонымен бірге, «Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы ереже» жобасы қабылданды [8, с. 79]. 1867 жылы Жетісу облысы құрылды. Ал, 1882 жылы Жетісу облысы Далалық аймақтың құрамына өтті. 1883 жылы жаңадан әкімшілік-территориялық бөліністен соң, Жетісу облысы бес уезден - Сергиополь, Қапал, Верный, Тоқмақ, Ыстықкөл және Жаркент уездерінен тұрды [9, с. 18], ал 1891 жылғы 25 наурызда әкімшілік реформасынан кейін бұрын Жетісу облысында болып келген біраз жер Семей облысына беріліп, Жетісу облысында 6 қаланың территориясы қалды, оның ішінде біреуі

облыстық -Верный, бесеуі уездік - Қапал, Лепсі, Жаркент, Пржевальск және Пішпек (кейінгі екеуі қазір Қырғызстан аумағында). Әкімшілік бөлініске байланысты облыс 6 уезге бөлінді. 1897 жылдан бастап Жетісу облысы Түркістан құрамына толығымен енді. Жетісу облысы 335250 шаршы версті алып жатты, қазіргі Алматы облысының және

Семей мен Жамбыл облыстарының бір бөлігін, сонымен қатар Қырғызстанның солтүстік облыстарының жері кірді. 1897 жылғы Бүкілресейлік санақ қорытындысы бойынша аймақта 987863 адам тұрған [3, с. 345].

Жетісудағы барлық азаматтық және әскери өкімет билігі әскери губернатордың қолында болды, ол Түркістан генерал-губернаторына бағынған. Облыстық өкімет басында тұрған әскери губернатор облыстағы армия басшысы да болып есептелген. Уездердің билігі әскери губернаторға бағынған уезд басшыларының қолында болды. Жетісу облысы 1891 жылы 25 наурызда қабылданған ережеге байланысты басқарылды. Аймақ тұралы жоба бойынша Жетісу 5, ал Сырдария 8 уезге бөлінді.

Жетісу облысы Қазақстанның барлық жерлері секілді Ресейдің отарлы аймақтарының бірі болды. Жетісу артта қалған, аграрлы, аз ғана өнеркәсібі дамыған, орталық аудандарға ауылшаруашылық тауарларын және шикізатты жеткізіп тұратын аймаққа және орыс өнеркәсіптерінің өнімін өткізетін рыноктың біріне айналды. Жетісудағы қазақ және қырғыз халқы көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүрді, қарапайым еңбекке негізделген, табиғат жағдайына тікелей байланысты болды. Негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болды, яғни қыста қыстау, жазда жайлау, көктемде көктеуге ол мал жайылымына лайықты еді. Жетісудың негізгі халықтары - қазақтар мен қырғыздардың негізгі күн көрісі мал болды. 1888 жылғы дерек бойынша Жетісу аймағының барлық тұрғындарының мал басы 5158206 бас, оның ішінде: 684563 жылқы, 331470 ірі қара мал, 4039772 қой мен ешкі, 90029 түйе, 1617 есек, 10775 шошқа [10, с. 41], ал 1908 жылғы статистикалық есеп бойынша облыста 6739318 мал басы ғана болған. 1907 жылы малдар әр жерде өле бастаса, ал 1908 жылғы жұтта барлық уездерде 1050970 мал қырылды [9, с. 6]. Жергілікті халықтың «артық» мал жайылымдарын сырттан көшіп келген орыс көшпенділеріне алып бергенге қарамастан қазақтардағы мал саны 1888 жылмен салыстырғанда, азайып қана қойған жоқ, ол 1,5 миллион басқа өсті, ол көшпелі қазақтардың малды тиімді өсіре алғандығын көрсетеді. Көшпенді өмірмен айналысушылардың шаруашылығы әр түрлі болды, Верныйда 84,7 пайыз, Қапалда - 71,8 пайыз, Лепсіде - 79 пайыз, Жаркентте - 96,4 пайыз, ал Пішпекте -84,9 пайызға тең болды [9, с. 7]. Мал қыс бойы ашық аспан астында болды, аяқ астынан болып отырған қатты қыс кезінде қар астынан

шөп ала алмағанда мал жаппай қырылып отырды. Мал өнімдеріне дегей; сұраныс және оны айырбастау мүмкіндігінің тууы кенді малға қысқа арнап алдын-ала азық қорығ жасауға үйретті. Ол бірақ көп тарамды және жалпы мал бағуда өзгеріс әкелмеді. Біртіндеп Жетісу) жерінде жер шаруашылығы негізгі орын ала бастады.

Атақты орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд бұл жөнінде былай деп жазады; «орыс отарлауының нәтижесінде мал жайылымы азайып, еріксіз отырықшылыққа айналды. Орыс отарлаушыларының мүдделері үшін көшпенділерден өңделген жерлерін де тартып алды, тіпті оларды бір жерден екінші жерге кошуға мәжбүр етті» [11, с.32]. Осылайша оздерінің құнарлы, өңделген жерлерінен айрылған егінші-қазақтар жерді бай қазақтар мен шаруалардан жалға алуға мәжбүр болды. Қазақтар жер шаруашылығымен айналысушылар сұлы, астық, арпа екті. Олардың алған өнімдері тек өз жанұяларын асырауға ғана жетіп отырды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Переселенческое дело.-СПб., 1910.-430 с.
2. Абдрахманова Б. История Казахстана: власть, система, территориальное устройство в XIX веке. - Астана, 1998. -137 с.
3. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Туркестанский край. -СПб., 1913. -321 с.
4. Русско - киргизский словарь. Составил переводчик туземного языка Семиреченского переселенческого района Токаш Бокин. Верный. 1913.
5. Байсенов К. По дорогам Семиречья // Часовой Родины, 1995.9октябрь.С.8-П.
6. Алматы. Административно-территориальные деление. 1918-199 гг. - Алматы: Арман, 2000. - 159 с.
7. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных обдастей.- Оренбург, 1898. - 532 с.
8. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. - 1917 г.). - Москва: Накуа, 1986. - 244 с.
9. Обзор Семиреченской области за 1888 год. Верный, 1888.-55 с.
10. Недзвецкий В.Е. Памятная книжка и адрес-календарь Семиреченской области на 1905 год. Верный, 1905.
11. П.Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Ташкент: Издание Казахского высшего пединститута, 1928.

Рецензент: к.и.н., доцент Омурбеков Э.К.